

"Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 01 наурыздағы № 764 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 сәуірде № 5464 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 835 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 24.06.2016 № 835 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Сәрсенбаев

2016 жылғы 1 наурыздағы
Шиелі ауданы әкімдігінің
№ 764 қаулысымен бекітілген

"Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру мектептерінің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бағынысты ведомствалары бар.

3. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі-мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шиелі аудандық білім бөлімі" басшысының бұйрықтары түрінде рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120700, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі №19.

10. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі:

1) дүйсенбі мен жұма аралығында 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін. Сағат: 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс);

3) сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

11. Мемлекеттік органның толық атауы: "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады. Шиелі аудандық білім бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Шиелі ауданының әкімдігі болып табылады.

13. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудан бюджетінен жүзеге асырылады.

14. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне

кәсіпкерлік субъектілерімен бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

2. Коммуналдық мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері.

15. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы - Қазақстан Республикасының Конституциясы, білім беруді дамытуға байланысты Қазақстан Үкіметі белгіленген заңнамаларға, балалар құқығын қорғау жөніндегі конвенция, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтары, нормативтік құқықтық құжаттарын басшылыққа ала отырып, аудандағы білім беру мекемелерінің жұмысын үйлестіру.

16. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту.

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

17. Функциялары:

1) кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

2) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

5) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, сонайд-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

6) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін

оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

7) жыл сайын 1 тамызға дейін мектепке дейінгі даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжатын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

8) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекітеді;

9) аудандық әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

10) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

11) аудан (қала) ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;

12) мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып , отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

13) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

14) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

16) білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға

жәрдемдеседі;

17) ауылдық жердегі білім беру ұйымдарына жұмыс істеуге келген жас мамандарды тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

18) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;

19) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

20) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

21) негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

22) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

23) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз етеді;

24) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

25) білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін білім алудың арнайы жағдайларын жасайды;

26) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;

кұзыреті шегінде құқықтық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар;

2) жеке және заңды тұлғалардың жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;
қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Коммуналдық мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру.

19. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

20. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысын Шиелі ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттігі:

- 1) бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;
- 2) бөлімді мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда білдіреді;
- 3) бөлім бұйрықтарына қол қояды;
- 4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес бөлім қызметкерлерін марапаттайды және тәртіптік жазалау шараларын қабылдайды;
- 6) бөлімдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;
- 7) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;
- 8) бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 9) шарттар жасасады;
- 10) сенімхаттар береді;
- 11) өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды;
- 12) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

4. Коммуналдық мемлекеттік органның мүлкі.

23. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітіліп берілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Коммуналдық мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.

26. "Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Шиелі аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің және оның ведомстволарының тізбесі:

1) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№45 " Ақ Орда мектеп - гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№47 М.В. Ломоносов атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№48 Ә. Қоңыратбаев атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№127 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№219 Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№244 Ы.Жахаев атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 8) Шиелі аудандық білім бөлімінің "Г.Н. Ковтунова атындағы №252 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 9) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№270 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 10) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№40 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 11) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№41 М.Шоқай атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 12) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№49 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 13) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№50 Абай атындағы орта мектебі" коммуналдық" мемлекеттік мекемесі;
- 14) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№141 К.Сабиров атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№142 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№148 қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№149 Қызылту" орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№150 қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 19) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№152 қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 20) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№153 Ш.Есенов атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 21) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№155 Д.Шыныбеков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№156 Нартай Бекежанов атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 23) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№157 Б.Пәрімбетов атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 24) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№158 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 25) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№159 " Еңбекші қазақ орта мектеб коммуналдық" мемлекеттік мекемесі;
- 26) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№181 жалпы білім беретін қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№205 қазақ орта мектебі" коммуналдық

мемлекеттік мекемесі;

28) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№206 "Жиделіарық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

29) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№207 "Жанатұрмыс" орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

30) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№ 214 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

31) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№228 Ш.Бәкіров атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

32) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№241 Қ.Әбдіқадыров атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

33) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№251 М.Әуезов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

34) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№133 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

35) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№154 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

36) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№243 негізгі орталау мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

37) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№84 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

38) Шиелі аудандық білім бөлімінің "№151 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

39) Шиелі аудандық білім бөлімінің "Ақтам" бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

40) Шиелі аудандық білім бөлімінің "Жуантөбе" бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

41) Шиелі аудандық білім бөлімінің "Лесхоз" бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

42) "Шиелі аудандық Оқушылар үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

43) "Шиелі аудандық жалпы орта білім беретін кешкі мектеп" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

44) "Шиелі аудандық балалар әуез мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

45) "Сыр ұланы" лагері" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

